14. Повышение уровня безопасности труда при проведении сварочных работ в условиях сельскохозяйственного производства с ТОО «Ізденіс» (Ғылыми жетекші - Ширванов Р.Б., т.ғ.к., қауымд. профессор) (2024-2028 жж.);
15. Инновационные методы в ветеринарии по диагностике инфекционных заболеваний сельскохозяйственных животных (Ғылыми жетекші - Байтлесов Е.У., б.ғ.д., профессор) (2023-2029 жж.);
16. Разработка и внедрение системы анализа качества мяса в СПК «Шамшырак» (Ғылыми жетекші – Байтлесова Л.И., х.ғ.к., қауымд. профессор) (2023-2029 жж.);
17. Оптимизация системы управления и автоматизация насосной установки для водо-и теплоснабжения крестьянского хозяйства» (Ғылыми жетекші - Захаров В.П. PhD, қауымд. профессор) (2023-2026 жж.);
18. Совершенствование технологического процесса приготовления сухих рассыпных кормосмесей (Ғылыми жетекші - Кажияхметова А.А. т.ғ.к.(РФ), аға оқытушы) (2024-2027 жж.);
19. Разработка метода идентификации для прогнозирования процесса изменения технического состояния дизельного двигателя по параметрам работающего масла (Ғылыми жетекші - Биниязов А.М. PhD, қауымд. профессор) (2023-2026 жж.);

20. Оценка состояния пастбищ кормоемкости и адаптации к изменению климата (Ғылыми жетекші - Нариков К.А. т.ғ.к., қауымд. профессор, ғылыми кеңесші Диденко И.Л. т.ғ.д., профессор) (2024-2027 жж.);

21. Изготовление лабораторных образцов вяжущего материала с использованием минерального сырья Западно – Казахстанской области с заказчиком КХ «АйМаК» (Ғылыми жетекші - т.ғ.м., аға оқытушы Таскалиев А.Т.) (2025-2027 жж.);

22. Разработка мероприятия по очистке и контролю внутренних поверхностей резервуаров (Ғылыми жетекші - Ихсанов К.А. т.ғ.к., қауымд. профессор) (2024-2027 жж.);

23. Рационализаторское предложение для дыхательного клапана емкости хранения бензина на автозаправочной станции (Ғылыми жетекші - Билашев Б.А. т.ғ.к., қауымд. профессор) (2025-2029 жж.).

Университет өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қазақтың ақбас ірі қара тұқымын жетілдіруге бағытталған селекциялық-асылдандыру жұмыстарын жүргізу арқылы елеулі үлес қосуда. Университет ғалымдары Батыс Қазақстан облысында қазақтың ақбас тұқымын өсіретін 12-ден астам асыл тұқымды шаруашылықтың құрылуына атсалысып, селекциялық-асылдандыру жұмыстарына ғылыми сүйемелдеу жүргізуде.

Сонымен қатар, университет ғалымдары өңірлік «Орал киік популяциясын реттеу тұжырымдамасын» әзірлеуге белсенді қатысып, оны Батыс Қазақстан облысы әкімдігіне ұсынды. Сондай-ақ олар «Бөкейорда» мемлекеттік табиғи резерватында киіктердің мәселелерін зерттеу бағытында ғылыми-тәжірибелік қолдау көрсетуде.

Орал трансформатор зауытының бастамасымен университет пен зауыттың Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің гранттық бағдарламаларына бірлесіп қатысуы үшін инновациялық жобалар әзірлеуге бағытталған өндірістік-ғылыми консорциум құрылуда. Қазіргі уақытта университет зауыт мамандарымен бірлесіп тиісті ғылыми-техникалық және қаржылық құжаттаманы дайындап жатыр. Консорциум жұмысына біздің серіктес жоғары оқу орны – Тамбов мемлекеттік техникалық университеті де қатысады.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша келесі тақырыптарда инновациялық жобалар коммерцияландыруға дайындалуда: «Өндірістік қалдықтар негізінде керамикалық кірпіш өндіру технологиясын жетілдіру» және «Нанокұрылымды композициялық керамикалық материалдар алу технологияларын әзірлеу». Жоба жетекшісі – техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Нариков К.А.

2024–2025 оқу жылында кәсіпорындар, ұйымдар және шаруашылық субъектілерінің тапсырыстары негізінде жүзеге асырылған ғылыми-зерттеу жұмыстарына (ҒЗТҚЖ) университеттің жас ғылыми-педагогикалық қызметкерлері мен білім алушылары (бакалавриат және магистратура) белсенді қатысты. Ғылыми жетекшілер тарапынан студенттер мен жас зерттеушілерге әдістемелік қолдау көрсетіліп, олардың зерттеу мәдениетін қалыптастыру мен кәсіби құзыреттілігін арттыруға ықпал етілді. Бұл өз кезегінде жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасына оң әсерін тигізді.

Алдағы уақытта білім алушылар мен жас оқытушылардың кафедралық ғылыми-зерттеу қызметіне қатысуын кеңейту, сондай-ақ олардың зерттеу дағдыларын дамыту мақсатында өңірлік экономиканың өзекті мәселелерін шешуге бағытталған, кәсіпорындар мен ұйымдардың нақты сұраныстары негізінде жүзеге асырылатын ғылыми жобалар бойынша жаңа келісімшарттар жасасу жұмыстарын барлық білім беру бағдарламалары аясында жалғастыру қажет.

2.8. Республикалық бюджет пен бизнес-құрылымдардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жұмыстарынан бөлек, университет ғалымдары 39 бастамашылық ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізіп жатыр:

1. Батыс Қазақстанның тарихы мен этнографиясы (Ғылыми жетекші – Шинтимирова Б.Г., т.ғ.д., профессор);

2. Қазақстанның XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әлеуметтік-мәдени тарихы (Ғылыми жетекші - Рысбекова С.Т., т.ғ.д., профессор);
3. Қазақ ұлт-азаттық қозғалыстарының тарихы мен тарихнамасы (XVIII-XIXғғ.) (Ғылыми жетекші - Құрманалин С.Б., т.ғ.к., профессор);
4. История развития системы образования Казахстана: опыт и перспективы развития (Ғылыми жетекші - Абдрахманова Р.Л., т.ғ.к., қауымд.профессор);
5. БҚО-ның археологиялық ескерткіштерінің зерттеу мәселелері (Ғылыми жетекші - Калменов М.Д., т.ғ.к., қауымд.профессор);
6. Изучение исторических аспектов культурного развития ЗКО (Ғылыми жетекші - Бижанова А.Е., т.ғ.к., қауымд.профессор);
7. Педагогическая технология как система инновационной деятельности преподавателя высшей школы РК (Ғылыми жетекші - Тасимова А.А., п.ғ.к., қауымд.профессор);
8. Тренды в рассмотрении педагогической практики студентов как элемента профессиональной подготовки будущего специалиста (Ғылыми жетекші - Обыденкина Л.В., п.ғ.к., қауымд.профессор);
9. Сабақты зерттеу және моделдеу мәселесі (Ғылыми жетекші - Калкенова Г.Б., п.ғ.м., аға оқытушы);
10. Современное состояние малого и среднего бизнеса и перспективы его развития в Западно - Казахской области (Ғылыми жетекші - Мансурова М.А., э.ғ.к., қауымд.профессор);
11. Исследование социально-экономических условий развития конкурентоспособных производств региональной экономики (Ғылыми жетекші - Есеналиев Б.С., э.ғ.к., қауымд.профессор);
12. Основные пути совершенствования в преподавании иностранных языков - (Ғылыми жетекші - Доукариева У.К., ф.ғ.к, қауымд.профессор);
13. Современные проблемы социально-экономического развития Республики Казахстан - (Ғылыми жетекші - Курманова Г.К., э.ғ.к., қауымд.профессор);
14. Разработка технологии керамических изделий на основе производственных отходов (Ғылыми жетекші - Нариков К.А., т.ғ.к., қауымд.профессор);
15. Автоклавты емес қатаятын газобетонның кеуектік құрылымына жоғары сілтілі ортаның әсері (Ғылыми жетекші - Беккалиев Н.М., т.ғ.м., аға оқытушы);
16. Разработка рецептуры буровых растворов на водной основе (Ғылыми жетекші - Билашев Б.А., т.ғ.к., профессор, Мукамбеткалиева А.Н. т.ғ.м., аға оқытушы);
17. Батыс Қазақстан өнірінді тұтқырлығы жоғары мұнай игеру технологияларын жетілдіру (Ғылыми жетекші - Калешева Г.Е., аға оқытушы);
18. Исследование конструкции электрогидравлических инжекторов автомобиля с дизельным двигателем на качество распределения топливной форсунки (Ғылыми жетекші - Омаров А.Н., PhD, қауым.профессор);
19. Влияние качества вождения на эффективность и безопасность перевозочного процесса грузовыми автомобилями (Ғылыми жетекші - Нургалиев Л.М., т.ғ.м., аға оқытушы);
20. Разработка технологий и устройств для эколого-аналитического контроля, нефтегазового дела, экостроительства (Ғылыми жетекші - Бурахта В.А., х.ғ.д., профессор);
21. Желілік магистральды газ құбырындағы тәуекелді алдын-алу және жою жолдарын анықтау өнеркәсіптік қауіпсіздіктің алгоритмін дайындау (Ғылыми жетекші - Мажитова Н.Б., т.ғ.м., аға оқытушы);
22. Загрязнение почвы Карачаганакского месторождения нефтью и нефтепродуктами (Ғылыми жетекші - Мурзабекова Ж.А., ж.ғ.м., аға оқытушы);
23. Кеуекті керамикалық материалдардың технологиясын жетілдіру (Ғылыми жетекші - Джумабаева К.М., т.ғ.м., аға оқытушы);


24. Көлтабанды жерлерді тиімді пайдалану мақсатында олардың күйзелу деңгейін зерттеу (Ғылыми жетекші - Избасова Г.Ш., жерге орналастыру магистрі, аға оқытушы)
25. Энергия тиімді тұрғын үй ғимараттарының инженерлік жүйелерін жетілдіру (Ғылыми жетекші - Умерешова С.Г., т.ғ.м., аға оқытушы);
26. Жергілікті шикізат негізінде қабырғалық материалдар технологиясын жетілдіру (Ғылыми жетекші - Тауышев О.У., т.ғ.м., аға оқытушы);
27. Основные факторы, влияющие на формирование городской архитектуры (Ғылыми жетекші - Кенжина Ж.С., өнертану ғылымдарының магистрі, аға оқытушы);
28. Анализ современных методов повышения энергоэффективности при реконструкции зданий (Ғылыми жетекші - Аманова Б.Н., аға оқытушы);
29. Особенности квалификации преступления против личности (Ғылыми жетекші - Абдрашит А.А., з.ғ.к., қауымд.профессор);
30. Конституционное право гражданина на достаточность жилища (Ғылыми жетекші - Габдуалиев М.Т., з.ғ.к., қауымд.профессор);
31. Еңбек дауларын сотта қараудың процессуалдық ерекшеліктері (Ғылыми жетекші - Сарсенова А.Ж, з.ғ.м., аға оқытушы);
32. Кибербезопасность как одна из основных проблем современного общества (Ғылыми жетекші - Аралбеков Ғ.Б., аға оқытушы);
33. Особенности договора комплексной предпринимательской лицензии (франчайзинга) в группе гражданско-правовых договоров (Ғылыми жетекші - Тулеуталиева Ж.К., з.ғ.м., аға оқытушы);
34. Кәмелекте толмағандар арасындағы девиантты мінез-құлық ерекшеліктері (Ғылыми жетекші - Нұртаза Г.А., з.ғ.м., аға оқытушы);
35. Региональная политика Казахстана: анализ диспропорций и совершенствование механизмов (Айешева Г.А. з.ғ.м., аға оқытушы);
36. Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселелері (Ғылыми жетекші - Отеуова А.К., з.ғ.м., аға оқытушы);
37. Жол-көлік оқиғаларын анықтауда сотқа дейінгі тергеп-тексерудің ерекшеліктері (Ғылыми жетекші - Карагойшиев Е.А., аға оқытушы);
38. Совершенствование видов наказаний по уголовному праву РК (Ғылыми жетекші - Рахметов Т.Х., з.ғ.к., аға оқытушы);
39. БҚО ұлы терор жылдарында (Ғылыми жетекші - Кадыргалиев Н.М., т.ғ.к., профессор).

Университет ғалымдары жүзеге асырып жатқан 39 бастамашылық ғылыми жоба білім ордасының гуманитарлық, техникалық, жаратылыстану, әлеуметтік, құқықтық және экономикалық бағыттардағы ғылыми әлеуетінің ауқымын көрсетеді. Аталған жобалар университеттің ғылыми-инновациялық қызметін дамытып, оның академиялық беделін арттыруға, сондай-ақ болашақта ірі зерттеу бағдарламаларына қатысуына алғышарт жасайды. Осыған байланысты жобалардың мазмұндық аясын кеңейтіп, оларды ұлттық және халықаралық гранттық қаржыландыру конкурстарына ұсыну мүмкіндіктерін қарастыру орынды.

2.9. 2024-2025 оқу жылында халықаралық дәйексөздер базасында индекстелетін ғылыми басылымдарда - Web of Science, Scopus және ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚЕК ұсынған ғылыми басылымдардағы жарияланған мақалалар саны (7-ші сурет)


7-суретте көрсетілгендей, Халықаралық дәйексөздер базаларында (Web of Science, Scopus) индекстелетін ғылыми мақалалар санының 2022–2025 оқу жылдары аралығындағы көрсеткіштері салыстырмалы түрде тұрақты деңгейде сақталғаны көрсетілген. Атап айтқанда, 2022–2023 оқу жылында – 24 мақала, 2023–2024 оқу жылында – 22 мақала, ал 2024–2025 оқу жылында бұл көрсеткіш 25 мақалаға жеткен. Бұл деректер халықаралық деңгейде жариялану белсенділігінің айтарлықтай артпағанын, алайда белгілі бір тұрақтылықтың сақталғанын көрсетеді. Осы бағытта алдағы уақытта сапалы өсімді қамтамасыз ету үшін жүйелі жұмыс жүргізу қажет.

Ал ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған ҒЖБССҚЕК тізіміндегі ғылыми басылымдарда жарияланған мақалалар саны бойынша айқын оң серпін байқалады. 2022–2023 оқу жылында – 39 мақала, 2023–2024 оқу жылында – 40 мақала жарияланған болса, 2024–2025 оқу жылында бұл көрсеткіш айтарлықтай өсіп, 58 мақалаға жеткен. Бұл – бір жыл ішінде шамамен 45%-ға артқанын білдіреді. Аталған серпін ғылыми-зерттеу белсенділігінің күшейгенін, сондай-ақ ғылыми қызметкерлер тарапынан ұлттық деңгейде жариялануға деген қызығушылық пен мүмкіндіктердің артқанын көрсетеді.



Сурет 2-7 – 2024–2025 оқу жылындағы Web of Science, Scopus және ҚР ҒЖБМ ұсынған ғылыми басылымдардағы жарияланымдар

2.10. 2024-2025 оқу жылында шетелдік ғылыми басылымдарда, халықаралық, республикалық конференциялар материалдарының жинақтарында жарияланған мақалалар саны (8-ші сурет)




Сурет 2-8 – 2024-2025 оқу жылында шетелдік ғылыми басылымдарда, халықаралық, республикалық конференциялар материалдарының жинақтарында жарияланған

8-ші сурет - Шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланған мақалалар. Аталған бағыт бойынша соңғы үш жылда жарияланымдар саны екі есеге жуық артты (2022–2023 ж. – 19 мақала, 2023–2024 ж. – 38 мақала, 2024–2025 ж. – 37 мақала). Бұл – халықаралық ғылыми кеңістікке интеграцияның артып келе жатқанын көрсетеді. Дегенмен, 2024–2025 оқу жылында сәл төмендеу байқалады (–2.6%), бұл алдағы уақытта басылым сапасына мән беру қажеттігін көрсетеді.

Халықаралық конференция материалдарының жинақтарында жарияланған мақалалар. Бұл бағытта тұрақты және айтарлықтай өсім байқалады: 2022–2023 оқу жылында – 78 мақала, 2023–2024 жылы – 150 мақала, ал 2024–2025 жылы – 205 мақала жарияланған. Бұл көрсеткіш ғылыми қауымдастықпен байланыс артып келе жатқанын және халықаралық іс-шараларға белсенді қатысудың нәтижесін білдіреді.

Республикалық конференция материалдарының жинақтарында жарияланған мақалалар. Жалпы өсім бар (2022–2023 ж. – 98 мақала, 2023–2024 ж. – 168 мақала), алайда 2024–2025 оқу жылында сәл төмендеу байқалды – 161 мақала. Бұл өзгеріс ғылыми фокус халықаралық деңгейге ауысып жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар, жергілікті ғылыми ортадағы белсенділікті сақтау мақсатында республикалық басылымдарға қатысуды тұрақты ұстау ұсынылады.

2.11. Монографиялар шығару. Патенттік қызмет. ҒЗЖ нәтижелерін өндіріске және оқу процесіне енгізу (9-шы сурет)



Сурет 2-9 – Монографиялар, патенттер және ҒЗЖ нәтижелерін қолдану


9-шы сурет - Жарияланған монографиялар. Монографиялар саны жыл сайын айтарлықтай өсіп келеді: 2022–2023 оқу жылында — 21, 2023–2024 оқу жылында — 28, ал 2024–2025 оқу жылында — 41. Бұл ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапалық әрі сандық

тұрғыдан даму үстінде екенін, сондай-ақ зерттеушілердің белсенділігі артып отырғанын көрсетеді.

Алған патенттер мен қорғау құжаттары. 2023–2024 оқу жылында патенттер саны 9-дан 11-ге дейін өсіп, 2024–2025 оқу жылында сол деңгейде сақталған. Бұл интеллектуалдық меншікке деген қызығушылықтың артқанын білдіреді. Дегенмен, өсу қарқынының тоқтауы бұл бағытқа қосымша назар аударуды қажет етеді.

Өндіріске енгізілген ғылыми әзірлемелер. 2022–2023 оқу жылында өндіріске енгізілген әзірлемелер саны 20 болса, 2023–2024 оқу жылында бұл көрсеткіш 4-ке дейін күрт төмендеген. Алайда 2024–2025 оқу жылында 8-ге дейін өсіп, қайта қалпына келу үрдісі байқалады. Бұл салада тұрақты серпін қалыптастыру үшін қосымша қолдау мен жүйелі жұмыс қажет.

2.12. Білім алушылардың 2022–2025 оқу жылдарындағы ғылыми конференцияларға, инновациялық конкурстарға қатысу динамикасы (10-шы сурет)



Сурет 2-10 – Білім алушылардың 2022–2025 оқу жылдарындағы ғылыми конференцияларға, инновациялық конкурстарға қатысу динамикасы

10 суретте көрсетілгендей, Республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадаларға қатысушылар - соңғы үш жылда олимпиада мен конкурстарға қатысушы білім алушылар саны тұрақты түрде өсіп келеді. 2023–2024 оқу жылында өсім айтарлықтай жоғары болды (22,8%). Ал 2024–2025 оқу жылында өсім жалғасқанымен, қарқыны сәл төмендеген (16,3%). Бұл көрсеткіштер білім беру сапасының артуымен, сондай-ақ ұстаздардың бағыттаушы рөлінің күшеюімен түсіндіріледі.

Білім алушылар жариялаған тезистер мен мақалалар саны - 2023–2024 оқу жылында жарияланған ғылыми жұмыстар саны едәуір артқан (38,2%), бұл білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметіне белсенді қатыса бастағанын көрсетеді. 2024–2025 оқу жылында өсім қарқыны баяулағанымен, жалпы оң динамика сақталған. Жарияланымдар санының артуы студенттердің ғылыми жұмысқа қызығушылығының жоғарылағанын, ғылыми жетекшілер жұмысының нәтижелілігін және конференциялар мен баспа алаңдарының кеңейгенін білдіреді.

Алдағы оқу жылында осы нәтижелерді сақтау және жақсарту үшін мотивациялық және қолдау шараларын күшейту ұсынылады.

3 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ

3.1. Бүгінгі таңда Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінде халықаралық ынтымақтастық шетелдік жоғары оқу орындарымен және ғылыми ұйымдармен жасалған 50-ден астам шарттар мен меморандумдар негізінде жүзеге асырылуда (11-ші сурет)

Университетімізде тұрақты түрде халықаралық конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер мен кездесулер өткізіледі. Студенттердің академиялық ұтқырлығы бағытында жұмыстар жүргізілуде.

Ғылым мен білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастық туралы келісімдер аясында БҚИТУ ғалымдарының шетелдік жоғары оқу орындарының ғалымдарымен экономика, педагогика, гуманитарлық, әлеуметтік, ветеринарлық, техникалық және ақпараттық-коммуникациялық ғылымдар салаларында бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру бойынша 20-дан астам шығармашылық ынтымақтастық жоспарлары жасалып, іске асырылуда.



Сурет 2-11 – Халықаралық ынтымақтастық жөнінде жасалған шарттар мен меморандумдар

2025 жылы БҚИТУ жақын шетелдегі серіктес жоғары оқу орындары және ғылыми орталықтармен шығармашылық ынтымақтастықтың 8 жоспарын және 3 бірлескен ғылыми жобаны жүзеге асыруда:

1. Ғылыми жоба (2021–2030 жж.) – «Моңғол және түркі тіл білімі: дәстүрлер мен инновациялар» тақырыбындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу мақсатында құрылған бірлескен ғылыми-зерттеу консорциумын құру туралы келісім аясында жүзеге асырылуда. Бұл консорциум Б.Б. Городовиков атындағы Қалмақ мемлекеттік университеті, БҚИТУ және РФ Ғылым академиясы Тіл білімі институтының Орал-Алтай тілдері бөлімшесінің арасында жасалған. Бірлескен ғылыми зерттеулердің нәтижелері ҚалМУ және БҚИТУ хабаршыларында жарияланып отырады. Ғылыми жетекшісі – филология ғылымдарының докторы, профессор Сабыр М.Б.

2. 2024 жылғы 4 наурыздағы №24/нжр-24 шарты негізінде, РФ, Екатеринбург қаласындағы РФ ҒА Орал бөлімшесінің құрамындағы ФМБҒМ «Орал федералды аграрлық ғылыми-зерттеу орталығымен» бірлесіп, ҚР ҒЖБМ-нің 2023–2025 жылдарға арналған

гранттық қаржыландыруы шеңберінде ИРН AR19678641 ғылыми жобасы жүзеге асырылуда. Жобаның тақырыбы: «Ірі қара малды маркерлік селекциялау бойынша ғылыми негізделген тәсілдерді әзірлеу үшін лейкозға төзімділікке байланысты BoLA-DRB3 генінің полиморфизмін бағалау». Ғылыми жетекшісі – биология ғылымдарының докторы, профессор Канатбаев С.Ғ.

3. 2024 жылғы 6 желтоқсанда жасалған №024-о.у./ПЦФ-1з шарты негізінде, РФ, Ярославль қаласындағы ФМБГМ «Ярослав мал шаруашылығы және мал азығын өндіру ғылыми-зерттеу институты», РФ, Ижевск қаласындағы ФМБЖБМ «Удмурт мемлекеттік аграрлық университеті» және «Ғылыми-инновациялық кешен» ЖШҚ (Ижевск қ.) бірлесіп, ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2024–2026 жылдарға арналған бағдарламалық-мақсатты қаржыландыруы аясында BR24992892 ғылыми-техникалық бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарламаның атауы: «Азықтандырудың инновациялық хаттамалары мен төл өсіру технологияларын интенсификациялау негізінде сүтті ірі қара мал өнімділігін арттырудың ғылыми негізделген әдістері». Ғылыми жетекшісі – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Насамбаев Е.Г.

3.2. Шетелдік сарапшыларды тарту бойынша атқарылған жұмыстар (2024–2025 оқу жылы)

Университет шетелдік жоғары оқу орындары және ғылыми мекемелермен ынтымақтастықты дамыту аясында алыс және жақын шетелдерден білікті сарапшыларды оқыту және ғылыми қызметке тарту жұмысын жүйелі түрде жүргізіп келеді.

2024–2025 оқу жылы барысында келесі шетелдік ғалымдар шақырылды:

1. Стасевич И.В., техника ғылымдарының кандидаты, Ресей ғылым академиясының Ұлы Петр атындағы Антропология және этнография мұражайының (Кунсткамера) аға ғылыми қызметкері — 2024 жылғы 5 қыркүйек пен 4 қазан аралығында «Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша студенттерге дәрістер оқыды.

2. Эмин Атасой, PhD, профессор (Бурса Улудаг университеті, Түркия) — 2025 жылғы 12 наурыз бен 1 сәуір аралығында профессор-оқытушылар құрамына «Scopus және Web of Science базаларындағы халықаралық басылымдарға ғылыми мақалалар дайындау әдістері» тақырыбында семинар өткізді.

3. Шевченко В.Д., PhD, С.П. Королев атындағы Самара ұлттық зерттеу университетінің Ағылшын филологиясы кафедрасының меңгерушісі — 2025 жылғы 1–4 сәуір аралығында «Аударма ісі» және «Шетел тілі: екі шет тілі» бағдарламалары бойынша дәрістер оқыды.

4. Халиков М.М., филология ғылымдарының докторы, профессор, Еділ мемлекеттік көлік университетінің Базалық дайындық институтының аға ғылыми қызметкері — 2025 жылғы 1–4 сәуір аралығында «Аударма ісі» және «Шетел тілі: екі шет тілі» бағдарламаларының студенттеріне сабақ берді.

5. Гөксел Өзтүрк, PhD, профессор (Ыстамбұл университеті, Түркия) — 2025 жылғы 29 мамырда «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Түрік тілі» бағдарламаларының студенттеріне дәріс оқыды.

6. Кудрявцев В.В., сәулет кандидаты, Ю. Гагарин атындағы Саратов мемлекеттік техникалық университетінің Дизайн және сәулет ортасы кафедрасының меңгерушісі — 2024 жылдың 2 қыркүйегі мен 20 желтоқсаны аралығында академиялық ұтқырлық аясында «Сәулет» білім беру бағдарламасы бойынша «Қазіргі заманғы сәулет және дизайн» пәнінен сабақ өткізді.

2024–2025 оқу жылында университет алыс және жақын шетелдермен ғылыми-академиялық байланыстарды кеңейту мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізді. Атап айтқанда, әртүрлі білім беру бағдарламалары бойынша дәрістер оқуға және семинарлар өткізуге алты шетелдік сарапшы тартылды.

Аталған іс-шаралар халықаралық ынтымақтастықты нығайтып қана қоймай, білім беру үдерісінің сапасын арттыруға, сондай-ақ студенттер мен профессор-оқытушылар

құрамының кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға оң ықпал етті. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыс жалғасын тауып, институттың халықаралық академиялық кеңістіктегі беделін арттыруға септігін тигізеді.

Түйін

2024–2025 оқу жылында Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметі кадрлық әлеуетті дамыту, ғылыми жобаларға қатысуды кеңейту, халықаралық ынтымақтастықты тереңдету және зерттеу инфрақұрылымын нығайту бағыттарында белгілі бір нәтижелерге қол жеткізді.

Университеттің профессор-оқытушылар құрамының жалпы саны 321 адамды құрады, оның ішінде 210 оқытушының ғылыми дәрежесі жоқ. Ғылым магистрі дәрежесіне ие 89 оқытушының ғылыми өсуін қамтамасыз ету мақсатында докторантура мен аспирантураға түсу бойынша жеке жоспарлар әзірлеу және кафедралар мен институттар тарапынан тиісті түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туындап отыр. Сондай-ақ, диссертациялық жұмыстарды аяқтау және қорғау мерзімдерін нақтылау бойынша жұмыстар жандандыруды талап етеді.

Білім беру бағдарламаларының материалдық-техникалық базасын жетілдіру – күн тәртібіндегі маңызды мәселе. Кафедралар мен институттар мамандандырылған зертханаларды жаңғырту, серіктес ұйымдармен бірлескен өндірістік базалар құру, қаржыландырудың баламалы көздерін тарту бағытында нақты шаралар қабылдауы тиіс.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысу бойынша жоспарланған 12 өтінімнің тек 5-і ұсынылып, қажетті деңгейге қол жеткізілмеген. Осыған орай, ғылыми жобалардың мазмұнын қайта қарау, зерттеу топтарын күшейту және жаңа жобалар әзірлеу жұмыстары жалғастырылуы қажет.

Университет ғалымдары жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ғылыми конкурстарға 20 жоба ұсынып, аймақтық даму бағыттарына үлес қосты.

2024–2025 оқу жылында ғылыми-зерттеу қызметіне студенттер мен жас оқытушылардың қатысу белсенділігі артты. Бастамашыл ғылыми жобалар саны 39-ға жетіп, университеттің ғылыми әлеуетін арттыруға негіз болды.

Ғылыми жарияланымдар саласында да оң динамика байқалды. ҚР ҒЖБМ тізіміндегі журналдардағы мақалалар саны бір жылда 45%-ға өсіп, 58-ге жетті. Scopus және Web of Science базаларындағы жарияланымдар саны тұрақты сақталды. Халықаралық конференция жинақтарындағы мақалалар саны 205-ке жетіп, ғылыми қауымдастықпен байланыстың нығая түскенін көрсетті. Жарияланған монографиялар санының артуы (41) мен патенттердің тұрақты деңгейде сақталуы (11) ғылыми қызмет сапасының артқанын дәлелдейді.

Халықаралық ғылыми ынтымақтастық 50-ден астам келісім негізінде жүзеге асырылды. Оқу жылы ішінде 6 шетелдік сарапшы оқу процесіне және ғылыми жұмысқа тартылып, университеттің академиялық әлеуетін нығайтуға үлес қосты. Шетелдік серіктестермен 8 шығармашылық жоспар мен 3 бірлескен ғылыми жоба іске асырылды. Жоғарыда аталған нәтижелер университеттің ғылыми-инновациялық және білім беру қызметінің даму қарқыны оң бағытта екенін көрсетеді. Алдағы кезеңде осы жетістіктерді одан әрі жетілдіру, халықаралық стандарттарға сай ғылыми-зерттеу ортасын қалыптастыру және университеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыру басты басымдықтар қатарында болмақ.

Ұсыныстар:

1. Әр кафедрада жетекші ғалымдар қатарынан кемінде 2–3 ғылым докторы немесе кандидаты бар зерттеу топтарын құру. Алдағы ғылыми жобалар конкурстарына қатысу мақсатында 1–2 жобаны дайындау жұмыстарын бастау.

2. Ғылым магистрі академиялық дәрежесі бар оқытушылармен жеке әңгімелесу ұйымдастырылып, оларды докторантурада немесе аспирантурада оқуын жалғастыруға ынталандыру (ғылыми дәрежесі бар оқытушылар жеткіліксіз білім беру бағдарламалары

бойынша). Ғылыми дәрежесі жоқ оқытушылар үшін жеке кәсіби даму жоспарларын әзірлеуді қамтамасыз ету.

3. Халықаралық ғылыми базаларда мақалалар жариялау белсенділігін арттыру, сондай-ақ монографиялар мен патенттердің сапасын жақсарту мақсатында жүйелі жұмыс жүргізу үшін нақты жоспар әзірлеу.

4. Материалдық-техникалық базаны нығайту мақсатында мамандандырылған зертханаларды жаңғырту жоспарын әзірлеу. Барлық білім беру бағдарламалары бойынша серіктес ұйымдармен бірлескен өндірістік базаларды ұйымдастыру үшін келісімшарттар жасау.

5. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуын арттыру бойынша нақты шаралар қабылдау.

6. Қолданыстағы халықаралық келісімдердің тиімділігіне кафедралар мен институттар деңгейінде талдау жүргізу. Шетелдік сарапшылар мен серіктестермен бірлескен жобаларды арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

3. Университеттің 2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысы бойынша қорытынды есебі

Тәрбие жұмысының мақсаты: Білім мазмұнын жаңарту жағдайында жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, құқықтық, кәсіптік, мәдени-эстетикалық тәрбие, студенттік топтардағы эдвайзерлардың жұмысын ұйымдастыру, университеттің студенттік жатақханаларында тәрбие жұмыстарын жүргізу арқылы тәртіп, ішкі ережелерді қадағалау.

Университетте тәрбие жұмысы студенттік қоғамдастықтағы әлеуметтік мұраттар мен құндылықтарды шоғырландыруға бағытталған.

Негізгі міндет – жастарды елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне тарту; азаматтыққа тәрбиелеу және қазақстандық патриотизм сезімін нығайту.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің 2024-2025 оқу жылында тәрбие жұмысы ағымдағы және бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілді.

Оқу жылының басында институт директорларының қызметтік хаты негізінде университет бойынша 2024-2025 оқу жылына эдвайзерлер құрамы бекітілді. Оқу жылында 87 эдвайзер 634 топта жұмыс жасады. Институттарда тәрбие ісі және әлеуметтік мәселелер жөніндегі департамент басшылары топ эдвайзерлермен бірге бекітілген жоспарға сәйкес тәрбие жұмыстарын атқарды. Эдвайзерлердің жұмысын талдау нәтижесінде кураторлық сағаттар жыл бойына өткізілгенін көрсетеді.

Институттардың, кафедралардың және топ эдвайзерлердің жылдық тәрбие жұмыс жоспарлары тоғыз бағыт бойынша жасақталып, жылдық жоспарға сәйкес тәрбиелік іс – шаралар ұйымдастырылды.

Университеттің 2 жатақханасына 2024-2025 оқу жылында 125 студент орналастырылды. (1 семестрде – 91 студент, 2 семестрде – 34 студент).

Университет бойынша келесі үйірмелер мен жастар клубтары жұмыс жасайды:

Студенттік ректорат, жастар ісі жөніндегі комитет; «Өн», «Би» үйірмелері; «Линкольн Дуглас» пікірсайыс клубы; «Жастар Рухы» жастар қанаты; «Жас тәрбиеші», «Жас психолог», Алаштану үйірмесі, «Достық» жастар ұйымы; «Саналы Ұрпақ» клубы; «Еріктілер қозғалысы»; «Барыс» спорт клубы.

Бүгінгі күннің талабына сай ұрпақ тәрбиесінің мазмұнын, әдіс-тәсілдерін және ұйымдастыру жүйесінің ірге тасын қалайтын негізгі қағидалар мыналар: тәрбиенің мазмұны, оны жүзеге асыратын әдіс-тәсілдердің негізі - адамгершілік, ізгілік, елжандылық. Университетте осы бағытта келесі міндеттерді басшылыққа алдық: студенттердің шығармашылық және танымдық істерге араласуға дайындығын дамыту, кәсіби бағдарлануын, олардың бойында ұлтжандылықты, азаматтықты, төзімділікті, рухани құндылықты, рух жігері шыңдалған, әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыру. Сонымен қатар студенттерді сабақ және сабақтан тыс шараларда белсенділік көрсетуге, өзін - өзі басқара білуге үйретуді дамыту. Осы міндеттерді іске асыруда тәрбиенің келесі 9 бағытты бойынша жұмысы қамтылды.

1. Ұйымдастыру жұмыстары;
2. Азаматтық-патриоттық тәрбие;
3. Эстетикалық-мәдени тағылым;
4. Студенттерді деструктивті діни идеологияға қарсы иммунитетке тәрбиелеу;
5. Сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылықтардың алдын-алу;
6. Салауатты өмір салтын қалыптастыру;
7. ЖҚТБ, ішімдіктің, нашакорлықтың алдын-алу шаралары;
8. Экологиялық тәрбие;

9. Еңбекке тәрбиелеу.

Жоспарланған барлық шараларда студенттердің белсенді болуы, олардың бос уақыттарын тиімді өткізу қадағаланды. Оқу жылының басында топ эдвайзерлері ауылдық жерден, басқа жақтан келген студенттерді жатақханаға орналастыру, бейімділіктеріне қарай әртүрлі үйірмелерді таңдауға көмектесу, студенттердің ар-кодексімен, оларды құқықтары және міндеттерімен таныстыру жұмыстары жүргізілді.

Студенттерді жоғарғы оқу орнының қоғамдық өміріне тарту бұл оларды ұжымда жұмыс жасауға, біріккен шешімдер қабылдауға, өзіне және өзінің жұмысына жауапты қарауға үйретеді.

2024-2025 оқу жылы бойынша университетте өткізілген тәрбиелік шараларға тоқталатын болсақ:

29 тамыз күні БҚИТУ Білім және менеджмент институтында ҚР конституциясына орай дөңгелек үстел өтті.

2024 жылдың 2 қыркүйек күні Білім және менеджмент институтының мәжіліс залында Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің әкімшілігі, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауын тікелей көрсетілімнен көріп, талқылау үшін жиналыс өтті.

Сонымен қатар 12 қыркүйекте Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің мәжіліс залында Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын талқылауға арналған университет Ғылыми кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Жолдауда әлеуметтік дамудың барлық негізгі мәселелері карастырылған, білім беру, денсаулық сақтау және бизнесті қолдау бағытында қазақстандықтардың өмір сүру сапасын арттыру бойынша шаралардың бағыттары көрсетілгенін айтып, Мемлекет басшысы алға қойған міндеттер оның сөйлеген сөздерінде үнемі алға қойып отырған мақсаттарымен байланысты деп Батыс Қазақ инновациялық-техникалық университетінің Ғылыми кеңесінің төрағасы, т.ғ.д., профессор Б.Т.Шәкешев өз сөзінде атап өтті.

20 қыркүйек күні университеттің акт залында М. Ихсанов көшесі, 44 мекенжайы бойынша ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі “Әділ Қазақстан: Заң және тәртіп, экономикалық өсу, қоғамдық оптимизм” Жолдауын іске асыру мақсатында жастар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, олардың құқықтық санасы мен парасаттылығын арттыру бөлігінде салалық технологиялар институтының 1 курс білім алушыларының кездесуі өтті ОПК, эдвайзерлермен, институт комплаенс қызметінің қызметкерлерімен. БҚО бойынша полиция департаментімен жасалған ынтымақтастық туралы меморандум аясында аталған іс-шараға полиция қызметкерлері белсенді қатысты.

20 қыркүйек 2024 жылы ЖОО мен АООО студенттері арасында ұлттық спорт түрлерінен: «Садақ ату», «Тоғызқұмалақ», «Аударыспақ», «Қазақ күресі», «Арқан тартыс», «Ләнгі тебу», «Қол күресі», «Бес асық», «Асық ату», «Гір көтеру» бойынша «Ұлттық қазына» облыстық спартакиадасы өткізілді. Шараның негізгі мақсаты: жастар арасында ұлттық спортты насихаттау. Осы сайысқа қатысқан Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің құрама командасы келесі нәтиже көрсетті: «Бес асық» – 2 орын, «Тоғызқұмалақ» – 2 орын, «Аударыспақ» – 3 орын, «Қазақ күресі» – 3 орын, «Ләнгі тебу» – 1 орын, «Арқан тартыс» – 2 орын.

“Тазалық – табалдырықтан басталады!” деген ұранмен 2024 жылдың 21 қыркүйек күні Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті Білім және менеджмент институтының жастар ісі жөніндегі комитет белсенділері мен жатақхана студенттерінің ұйымдастыруымен «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында «Жасыл Аймақ» жалпы университеттік сенбілік өтті. Қоғамда қоршаған ортаны қорғау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында еліміз бойынша өткізіліп жатқан «Таза Қазақстан» акциясына университет студенттер қатысып, белсенділік танытты. Сенбілік барысында студенттер жатақхананың айналасын ретке келтіріп, көгалдарды қоқыстардан, жапырақтардан және сынған бұтақтардан тазартты.

21 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде Батыс Қазақстан облысы бойынша ПД Есірткіге қарсы бөлімінің бастамасымен; Мемлекет басшысы «Ұлттың гендік қорына қауіп төндіретін есірткі қылмысына қарсы күресті күшейту қажеттігі туралы» міндет қойған «Құқықтық тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» тақырыбында «Орал – есірткісіз қала» акциясы өткізілді. Бұл акцияға еріктілер, қалалық ЖОО студенттері, соның ішінде 41 студент полиция қызметкерлерімен бірге қатысты. Акцияға барлығы 150-ден астам адам қатысты.

2024 жылдың 24 қыркүйек күні Салалық технологиялар институты акт залында университеттің барлық білім беретін бағдарламаның 1 курс студенттерімен қоғамдағы өзекті мәселе, діни ахуалдың алдын-алу мақсатында «Теріс ағымға жол жоқ!» тақырыбында рухани кездесу өткізілді. Аталмыш шараның модераторы Қ.Б. Қайыржанов шара қонағын студенттерге таныстырды. Батыс Қазақстан облысы дін-мәселелерін зерттеу орталығының басшысы, теолог маман Қабдоллин Мейрамбек Ержанұлы студенттерге теріс ағымның белгілерін айтып, теріс ағымның жетегіне кіріп кетпеуге шақырды. Кездесу барысында студенттер тарапынан сан-алуан сұрақтар қойылып, көкейіндегі сұрақтарға жауап алды. Кездесу соңында жалпы білім беру пәндер кафедрасының меңгерушісі т.ғ.к., профессор Кадыргалиев Нұрболат Мендигалиевич рухани мәдени шараның қонағына алғыс білдіріп, студенттерге оқуда озат, қоғамдық шараларда белсенді болуға шақырды.

Мемлекет басшысының жариялаған 6 қазан жалпыұлттық референдум аясында жастарға жасыл энергияның көзі болып табылатын АЭС салудың елімізге қаншалықты қажет екендігін, жалпы АЭС-ның не екендігін түсіндіру бағытында 24 қыркүйек күні, Орал қаласы Гагарин кинотеатрында «АЭС туралы» бейне фильм көрсетіліміне Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің 2-3-4 курс студенттері мен топ әдвайзерлері қатысты.

2024 ж. 25-қыркүйек күні Петр Атоян атындағы стадионда БҚИТУ университетінің Денсаулық күні оздырылды. Жыл сайын Денсаулық күнін өткізу біздің университетіміздің дәстүріне айналды. Бұл біздің студенттер, кураторлар, ата-аналар денсаулықтың маңызы зор екендігін түсінуі үшін өткізілетін шара болып табылады. Сонымен қатар биылғы жылы Әуесқойлар арасындағы «Алтын күз» кросс жарысы, футбол мен волейболдан университет ішкілік спартакиадалар өтті.

2024 жылдың 4-қазанында Университет Жоғары білім қызметкерлері күні мен Ұстаздар күні мерекелерін атап өтті. Университет басшысы жоғары білім саласында жемісті қызмет еткен бірқатар профессор-оқытушылар құрамын ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің төсбелгілері, Құрмет грамоталары, Алғыс хаттарымен сондай-ақ БҚО мен Орал қаласының әкімінің алғыс хаттарымен марапаттады.

10-15 қазан аралығында «Шабыт» шығармашылық орталығы мен жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Oral-Jastary-2024» фестивалі өткізілді. Қаламызда екінші мәрте өткен бұл фестивальде ЖОО және АОО студенттері белсене қатысып, «Мамандығым мақтанашым», «Хор ұжымы», «Замануи би», «Садақ ату», «Шахмат», «Шағын футбол», «Волейбол», «Пікір-сайыс» аталымдары бойынша бақтарын сынады. Жарыс нәтижесінде жалпы командалық есепте ЖОО арасында Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті жүлделі 3-орынға ие болды.

2024 жылдың 21-қазанында БҚИТУ акт залында БҚО Полиция Департаменті өкілдерімен кездесу өтті. Кездесуде қазіргі қоғамның ең өзекті тақырыптары – кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстар және интернет-алаяқтық мәселелері талқыланды. БҚО ПД криминалдық полиция басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Мусағалиев Артур Гайсиевич, БҚО ПД есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының жедел уәкілі, полиция полковнигі Мурзабаева Эльмира Жақсылыққызы интернет-алаяқтықтың түрлерін, олардың таралуы мен негізгі схемаларын, қоғам мен мемлекет үшін

салдарын, киберқауіпсіздік тәсілдерін және желідегі алаяқтықтан қорғау әдістерін, сондай-ақ мемлекеттің интернет кеңістігіндегі қылмысқа қарсы күрестегі рөліне тоқталды.

2024 жылдың 23 қазанында жалпы білім беретін пәндер кафедрасының аға оқытушысы Разахова Ф.Ж. Оралдағы белгілі өлкетанушы, танымал туроператор, тарих ғылымдарының магистрі А.Ш. Курумбаев және жергілікті спортшымыз, «V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына» қатысушы Серіков Бекнұрмен қонақ дәрісін ұйымдастырды. Шара Қазақстан Республикасы күніне арналды. Қонақтар «V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарынан» алған әсерлерін спорт мерекесінің жарқын эпизодтарын көрсететін бейнероликтермен сүйемелдеді.

24 қазан Университетіміз Ұлттық мереке – Республика күнін атап өтті. Салтанатты жиынға университетіміздің құрылтайшысы бастаған ғалымдар мен профессор-оқытушылар құрамы және студент жастар қатысты. Жоғары білім саласында жемісті қызмет еткен бірқатар профессор-оқытушылар құрамын ҚР Ғылым және жоғары білім министрілігінің төсбелгілері мен Құрмет грамотасымен марапаттады. Сонымен қатар Республика күні мерекесіне орай Ғылым және білім саласында көп жылдар табысты еңбек етіп жүрген университетіміздің бір топ оқытушылары мен қызметкерлерін, белсенді студенттерін Батыс Қазақстан облысы әкімінің, Орал қаласы әкімінің және университет ректорының алғыс хаттарын марапатталды.

8 қарашада 1-2 курс студенттеріне «Батыс-Қамқор» жастар қоғамдық бірлестігі дәрігерлері Кужагельдина Л.М. мен Сисенова Б.К. қатысуымен «Денсаулықты сақтау және салауатты өмір салты» тақырыбында кездесу ұйымдастырды.

2014 жылдың маусым айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада су тасқынымен күреске белсенді қатысқан азаматтарды салтанатты түрде марапаттады. Мемлекеттік марапаттарға ие болғандардың қатарында БҚИТУ – ң Салалық технологиялар институтының ветеринария және техносфера қауіпсіздік кафедрасының 6В11201 – Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі білім беру бағдарламасының 3 курс білім алушысы да бар. Қызметтік және азаматтық борышын өтеудегі адалдығы, сондай-ақ төтенше жағдай кезінде көрсеткен ерлігі үшін Мемлекет басшысы білім алушымыз Құмаршиев Қуанышты III дәрежелі «Айбын» орденімен марапаттады.

2024 жылғы 13 қарашада «Дене шынықтыру және информатика» кафедрасы «Шекаларды жеңу: спорт арқылы шабыт» тақырыбында кездесу ұйымдастырды.

Кездесудің мақсаты — Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Азон Нұрмұхамедұлы Шаймардановпен тәжірибе алмасу, аймақтағы спортты дамыту перспективаларын талқылау және жас спортшыларды даярлау жолдарын жетілдіру.

3 қарашада Халықаралық студенттер күні қарсаңында БҚО Қоғамдық даму бас кармасының ұйымдастыруымен «STUD FEST – 2024» атты жарқын фестивалі өтті. Бұл ауқымды шараға қаланың жоғары оқу орындарының өкілдері қатысты. Фестиваль жастықтың, шығармашылық пен күш-қуаттың нағыз мерекесіне айналды. БҚИТУ осы қызу әрі жарқын күресте өзін лайықты көрсетіп, құрметті 2-орынды иеленді.

2024 жылдың 22 қараша күні Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінде «Студенттер қатарына қабылдау» салтанаты өтті. Мерекелік кеш салтанатты рәсім мен концерттік бөлімнен тұрды. БҚИТУ ректоры, техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Шакешев Бекбулат Темержанұлы университеттің бірінші курс студенттерін құттықтап, қоғамдық шаралардан қалыс қалмай, білім мен белсенділік танытып жүрген студенттерге алғыс хат табыс етті.

2024 жылдың 29-қарашасында Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінде «Қазақстандағы Президент институтының қалыптасуы мен дамуы» атты дөңгелек үстел өткізілді.

2024 жылдың 4 желтоқсанында Педагогика және психология кафедрасының аға оқытушылары Ж.Е.Кадыржанова және Б.Н.Амангелдиева Орал қаласының ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысымен ұлттық құндылықтарды дәріптеу және тарихимызды насихаттау аясында жүзеге асырылып жатырған әлеуметтік жоба бойынша

ұйымдастырлығын «Жастар ортасындағы аддиктивті мінез-құлық» атты оқыту семинарына қатысты. Семинар-тренингті жүргізген ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының сарапшы-психологы Л.С.Шакимова.

2024 жылдың 6-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің Білім және менеджмент институтының «Барыс» спорт клубының ұйымдастыруымен студенттер арасында достық қарым-қатынасты нығайту мақсатында волейболдан жарыс өткізілді. Жарысқа Білім және менеджмент институты, Салалық технологиялар институт студенттері және «Зейін» Университет мектебі командалары қатысты.

